

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 122 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 14 қазан N 122б

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Z990357_ Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 122 P020122_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулының 4-қосымшасында:

6 - тармақтың кестесінде:

"Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру бойынша іс-шаралар"

бағанында "10" деген сан "18" деген санмен ауыстырылсын;

"Іске асыру мерзімі" бағанында "қыркүйек" деген сөз "желтоқсан" деген сөзбен ауыстырылсын;

7-тармақта "10" деген сан "18" деген санмен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулының 26-қосымшасында:

6-тармақтың кестесінде "Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру бойынша іс-шаралар" бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Ережеге сәйкес ішкі авиабағыттар бойынша тұрақты авиатасымалдарды субсидиялау:

- Астана - Ақтөбе - Орал;
- Орал - Ақтөбе - Астана;
- Астана - Ақтау;
- Ақтау - Астана;
- Алматы - Атырау;
- Атырау - Алматы;
- Астана - Атырау;
- Атырау - Астана;
- Алматы - Ақтөбе;
- Ақтөбе - Алматы;
- Алматы - Ақтау;
- Ақтау - Алматы;
- Астана - Қызылорда;

- Қызылорда - Астана;
- Алматы - Жезқазған;
- Жезқазған - Алматы;
- Астана - Семей;
- Семей - Астана;
- Алматы - Қарағанды;
- Қарағанды - Алматы;
- Астана - Қостанай;
- Қостанай - Астана;
- Астана - Павлодар - Семей;
- Семей - Павлодар - Астана;
- Астана - Петропавл;
- Петропавл - Астана;
- Астана - Өскемен;
- Өскемен - Астана;
- Астана - Тараз;
- Тараз - Астана;
- Астана - Талдықорған;
- Талдықорған - Астана;
- Астана - Жезқазған - Қызылорда;
- Қызылорда - Жезқазған - Астана;
- Астана - Балқаш;
- Балқаш - Астана.";

3) көрсетілген қаулының 26-қосымшасында:

6-тармақтың кестесінде "Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру бойынша іс-шаралар" бағанында "Шығындық материалдарды, қағаз және лицензиарлар функцияларын орындау үшін қажет өзге де тауарларды жасау бойынша қызметтерді сатып алу" деген сөздер "Лицензиарлардың функцияларын орындау үшін қажетті қағаз, кеңсе тауарларын және басқа да шығыс

материалдары мен тауарларын сатып алу" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) көрсетілген қаулының 30-қосымшасында:

6-тармақтың кестесінде "Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақпараттық-телекоммуникациялық жүйені құру үшін жабдықтарды және аппараттық-бағдарламалық құралдарды сатып алу және монтаждау:

- дербес компьютерлер - 414;

- желілерді қорғауға арналған жабдық - 1;
- принтерлер - 162;
- үздіксіз қоректендіру көздері - 32;
- модемдер - 41;
- бағдарламалық қамтамасыз ету - 1 жиынтық;
- вирусқа қарсы бағдарламалық қамтамасыз ету - 1 жиынтық;
- көшірме аппараттары - 47;
- Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің телефон желісін жаңғыртуға арналған жабдық."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Икебаева А.Ж.